

Панариций, облитерациялық эндартрит , тромбофлебит және варикоз

Тексерген: Орынбаева Р. О

Орындаған: Шаймарданова Э


Авторы: Ерімов Нұртас Бейімбетұлы

Панариций дегеніміз не?

- Қолдың аяқтың және башпайлардың және саусақтарының іріңді қабынуы **панариций** деп аталады. **Панариций** саусақ немесе башпай тканінің қабынуы. Панарицийдің бірнеше түрі болады, тереңдігіне байланысты. **Тері панариций, тері асты панариций.** Ол беткей түрі деп аталады. **Және сіңір, буын, сүйек панариций** деген үш түрі бұл терең түрі деп аталады. Бұның негізгі себебі микротравмалар, саусақтың көбесінің сөгілуі неше түрлі маникюрдің де салдарынан адамның ткандері қабынуы мүмкін. Қазақша кейде **күбірткелі** деп те атайды.



Кез келген қабыну процессі сияқтыда бұның әуелгі инфильтрат сатысы болады, содан кейін іріңдеу кезеңі болады. Инфильтрат басталған кезде, мысалғы адам қолына байқамай ине тығып алды, бір екі күннен кейін сол жер қызарып, ісіп саусақ ісіне бастайды және ауырады. Ал одан әріқарай ештеңе жасамаса, ірің жайылып тырнақтың астына, мысалғы тері астына жайылып, солқылдап ауырады. Солқылдап ауыртпаған бірінші түні, адам қалайда саусағын тілдіртіп іріңін алуы керек, әйтпесе ол терең сүйекке кетіп қалады, ал сүйек остемелит панареций болса адам саусағын алып тастау керек болады, себебі қабынуы процессі бүкіл саусағының тканіне түгел жайылса, оны пандактелит деп атайды.



ФОРМЫ ПАНАРИЦΙΑ:



КОЖНЫЙ



ПОДКОЖНЫЙ



КОСТНЫЙ



ОКОЛОНОГТЕВОЙ



ПОДНОГТЕВОЙ




СУХОЖИЛЬНЫЙ

Панарецийдің емі:

- Жаңа басталып келе жатқан кезде, жараның айналасын таңып, жуып, тазалап кварц алып тұруы керек. Мысалғы адам қолын темірге бір нәрсеге жарақаттап алса, сол жараны ол сабындап жуып тұруы керек болады. Себебі кейбір адамдар су тигізбей бір аптаға дейінгі уақытта күтіп жүреді де, жараның айналасы іріңдеп кетуі мүмкін. Сондықтан, жеке гигиена сақтап жарақат алған жерді жиі жуып, сабынды сумен тазалап тұрса, ол жара қабынбай ақ жазылып кетуі мүмкін. Кейде мысалы: тігіншілер қолына жиі-жиі ине тығып алуы мүмкін, ондай жағдайда қолын 60-70 градустағы стаканға су құйып, 60-70 градустағы суға батырып 5-10 минут ұстауы керек. Сонда қолы қызарып, қан айналымы күшейіп, тамырлары ашылады да, инфекция сол жерде түссе жұтылып кетеді.




- Яғни адам саусағын әбден іріңдетуге дейін апармауы керек. Іріңдеп кетті дейік, ондайда дәрігерге келеді. Себебі іріңді қабынуды, тіліп, іріңді бері қарай сыртқа шығаруы керек. Новакаин анестезиясымен саусағын тіліп, іріңін алғаннан кейін, кішкентай резин қиықтарға дренаж қалдырады. Өзіне кварц тағайындайды, антибиотиктер береді. Күн сайын таңуға келіп тұрады. Сөйтіп 4-5 күннің ішінде, саусағының тілінген, немесе тырнағын алып тастайды тырнағының астына жиналып жатса. Сол жарадан жазылып, панарециядан мүлдем емделіп шығады. Егерде осындай режимді сақтамаса, таңуға келмесе, ара тұра келсе, аптасына бір келсе ол тереңдеп кетсе ақыры бүкіл саусағы пандектелит болып, саусағын алып тастайды.



Облитерациялық

эндоартрит

- Енді, адамның аяғында жиі кездеседі артерия, вена тамырларының ауруы. Артерия тамырының ауруы, артериялардың бітелуіне байланысты, **облитерациялық эндоартрит** деп аталады. Негізгі себебі, темекі шегу, қант диабеті және жас үлкейгенде холестерин қатпарларының жиналып, қан тамырларының бітелуі.. Бұндай адамдар аяғының тоңатынына, құрсатына шағым айтады. Және бірнеше метр жаяу жүргеннен кейін, аяғының талып сирақ бұлшықеттерінің ауырғандығы анықталады. Тастың үстіне отырып кішкене демалып алғаннан кейін, ауырғаны басылады. Қайтадан жаяу жүргенде, қайтадан ауыра бастайды. Осыны ауыспалы ақсақтық деген симптом деп атайды. Бұндай адамнан сұрау керек неше метр сайын аяғың аурады, егер 300-400 метр десе, ал басқа бір науқастың 50 метр сайын аяғы ауырады. Сол 50 метр сайын аяғы ауырған науқастың ауыруының биіктеп кеткені. Аяқ артериялары, табан, сирақ артериялары кішкене бітеліңкіреп тұр. Бұндай науқастарды, емдейтін кардио орталық бар.



«Ноги курильщика» или «витринная болезнь» (облитерирующий эндартериит)



Нормальная
артерия

Артерия с суженным
просветом

СТАДИИ ОБЛИТЕРИРУЮЩЕГО ЭНДАРТЕРИИТА



Ишемическая
стадия.

Трофическая
стадия.

Язвенная
стадия

Гангрена
стадия


Облитерациялық эндоартрит емі:

- Олардың тамырының ішін кеңейтеді, мысалғы қант диабеті барларды немесе өзінің бір жерінен тамыр алып артериясын венасын алмастырады. Немесе кейде арнайы синтетикалық кішкене тамыр сияқты, стентты салады. Әйтпесе адам артериясы бітеліп қалса, оның тырнағы некроз басталады. Башпайлары шіри бастайды. Бұрын мұндай әдіс болмағаннан кейін, аяғын ампутация жасап алып тастады. Ал қазір ампутация деген мүлде болмайды. Оның орнына өзінің тамырын алып, бітеліп қалған тамырын алмастырады немесе бітеліп қалған тамырларын кеңейтеді. Қалайда аяғын аман алып қалуы керек.



Вена варикозы

- Вена ауруларының ішінен, вена варикозы деген кездеседі және вена тромбофлевиті деген болады. Вена варикозы туа біткен, немесе жүк таситын адамдарда немесе ауыр жұмыспен айналысатын адамдарда, ұзақ тууға байланысты адамдарда болады. Аяғы шаршайды, талады, кешке ісінеді, аяғын жоғары көтеріп жатса ісінгені қайтады



Стадии варикоза



I

Появление
сосудистых
звездочек,
судороги
в ногах



II

Выражены
выступающие
вены, боль
и тяжесть
в ногах



III

Поражение
поверхностных
и глубоких вен,
отеки



IV

Изменение
кожи,
образование
трофических
язв



V

Формирование
венозных
язв

Вена варикозы емі:

- Бұндай адамдарға консервативті ем бар, олар эластикалық шұлық киіп жүруі керек немесе колготки киеді. Таңертен ұйқыдан тұрғанда, аяғын бес он минут жоғары көтеріп жатады да, аяғының басы башпайынан бастап эластикалық бинтпен орап тастайды, немесе арнайы эластикалық шұлық киіп алады. Сосын аяғын төмен түсіргенде веналары қысулы тұрады. Веналары сүйтіп қысылып, өте көп шағым туғыза қоймайды. Бірақ негізгі варикозды емде қазіргі әдіс, консервативті, варикоздың ішінде склерозерующий деген дәрі егеді де, кеңейіп кеткен **варикоз** қайта тарылып кішірейіп, адамның шағымы болмайды.



Лечение
варикозного расширения вен ног



Сокращение диаметра
вены **в 2 раза** ведет
к ускорению
кровотока **в 5 раз**



Уменьшение
отека

Уменьшение
отека



+Компрессия




Ускорение кровотока **в 5 раз**

Тромбофлебит

- Ал **тромбофлебит** дегеніміз, бұл венаның қабынып, ішіне тромбыларының жиналуы. Көбіне, наркомандарда болады. Бір венаға қайта-қайта, укол сала берсе, инесі стерильді болмаса, сол венасы ісініп, көгеріп бау сияқты жұп жуан болып қалады да, сипап қарағанда қатты ауыртады. Және көк ала болып тұрады. Бұл венаға қайта-қайта система алатын болса, қазіргі кезде пациенттің венасына катетер қойып, калпачогін жауып қояды. 10 күн система алатын болса, 10 күн сол арқылы құйып тұрады. Кейбір адамдарда себебі де белгісіз, сирағының тромбофлебиті шығады. Яғни сирағының ішкі жағынан бастап шабына дейін қызыл жолақ пайда болады. Сол қызыл жолақ, ісініп ауыртып жуан болып бау сияқты болып тұрса, бұндай науқастарды жүргізуге болмайды, егерде тромбосы үзіліп кетсе, өліп қалуы мүмкін. Кейбір адамдарда көктем де, кейбір адамдарда босанғанда, операциядан әлсірегенде шығады.






Отек бедра, голени
и стопы

Боли в голени и стопе,
по ходу вен

Изменение
цвета кожи




КЛИНИЧЕСКИЕ ПРОЯВЛЕНИЯ ОСТРОГО ТРОМБОФЛЕБИТА

1. Резкая боль, отечность и болезненность в икроножных мышцах возникают только в одной нижней конечности


2. Кожа вокруг тромба становится горячей

3. Кожа над пораженным участком становится красной



Тромбофлебит емі:

- Міндетті түрде жатқызып қояды. Баласын қалдырады кіргізбейді, аяғының астына подставка қойып көтеріп қояды, сосын қызыл жолақ болып тұрған венаның тромбысына вишнёвский майымен, компресс салады. Өзіне қабынуға қарсы антиботиктер, қанды сұйылтатын дәрілер, тромбыны ерітетін дәрілер береді. Сонымен тромбофлебитті қабынуын тоқтатады. Бұл кісіге қатаң төсек режимі тағайындалады. Егер ол тыңдамай жүгіріп тұрып жүрсе, бір күні ішіндегі тромбысы үзіліп, өліп кетуі мүмкін. Соны айтып түсіндіруіміз керек. Тромбофлебиттің процессін тоқтатқаннан кейін арқарай сіңіп кететін, тарататын терапия алады. Егер дұрысталып емделсе, ол көпке дейін байқалмайды, бірақ қайта көктем болып адам тоңса, жанағы тромбофлебиті қайта шығып шағым туғызады. Бұндай адамдарды есепке алып, күзбен көктем сайын қаралып тұруы керек.



Назарларыңызға рахмет!!!

